

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 13 (29),
шілде
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



120 жыл
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА



ДУАЛДЫ ОҚЫТУ – ТАБЫСТЫ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Ғасырға жуық уақыт бойы жер қойнауын игеріп келе жатқан Компания басшылығы үшін өндірісті талантты, білімді жас мамандармен қамту өзекті мәселенің бірі саналады. Сол арқылы тарихын тереңнен алатын байырғы кәсіпорынның екінші тынысын ашу көзделуде. 2015 жылдан бастап Ембі өндірісінде «Дуалдық оқыту» бағдарламасы күшіне енді. Содан бері төртінші жыл қатарынан белді жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ осы бағдарлама бойынша С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті мен «АРЕС PetroTechnic» Жоғарғы техникалық колледжі және ағымдағы жылдан бастап Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетімен тығыз байланыс орнатты. Бағдарлама аясында студенттер практика мен теорияны шебер ұштастырып, Ембінің өндіріс алаңдарынан тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алып отыр. Олар 14 күн ауысымдық әдіспен өндірістік тәжірибеден өтсе, келесі 14 күн бойы білім ордаларында теориялық білімдерін жалғастырады. 2015-2018 жылдар аралығында «Дуалдық оқыту» бағдарламасы арқылы 78 студент жұмысшы мамандықтары бойынша оқыды. Олардың барлығы дипломмен қоса нақты мұнай өнеркәсібінде жұмысқа орналасуға арналған жұмыс кітапшаларын да алды.

Жалғасы 3-бетте

Адам өмірі және қауіпсіздік техникасы

Улы жәндіктен сақтаныңыз

Жаздың аптап ыстық күндері денсаулыққа аса абай болған жөн. Өйткені, жаздың қауіпті тұсы - улы жәндіктер. Газеттің бүгінге санында өміріңіз бен денсаулығыңызды сақтау сақтау үшін пайдалы кеңес беруді жөн көрдік. Сонымен, улы жылан, шаян немесе басқа қауіпті жәндіктердің шағуынан аман болу үшін:

- Жерге отырмауға және киіміңізді, арнайы киіміңізді жерде қалдырмауға тырысыңыз, өйткені, киіміңізге тиген умен улануыңыз мүмкін;
- Қараңғы жерлерде демалмас бұрын қолыңыз тиетін барлық айналадағы заттарды дұрыстап қарап шығыңыз;
- Егер Сізді жылан немесе шаян шағып алса, оны елемеуге болмайды, оны қауіпсіз деп санамаңыз. Таза таңғыш байлаңыз және медициналық көмек келгенше қозғалмаңыз. Қысқа уақыт ішінде клиникаға жүгінуге тырысыңыз;
- Жерде ұзақ жатып қалған құралдарды немесе материалдарды пайдаланатын болсаңыз, сақ болыңыз және қолғап киіңіз;
- Жылан немесе шаянды көрсеңіз, оларға жақындамаңыз және басқаларына ескертіңіз.

Татарстанмен серіктестік

Шілденің 10-ы күні «Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықтың қағидаттары туралы» үкіметаралық келісімнің шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Алиқ Айдарбаев Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен кездесті. Кездесу барысында тараптар мұнай-газ, химия өнеркәсібіндегі ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Тараптар Қазақстанда мұнай өңдеу, мұнай-химия және газ-химия объектілерін жобалау және жаңғырту, сондай-ақ мұнай өндіру технологияларын, цифрлық технологияларды енгізу бойынша жобаларды жүзеге асыруда ынтымақтастық туралы келісімге келді. Сонымен қатар, геологиялық барлау жұмыстары, мұнай және газ химиясы, техникалық ынтымақтастық және цифрландыру мәселелері бойынша Татарстан Республикасының кәсіпорындары мен ҚМГ арасындағы өзара іс-қимыл мүмкіндіктері талқыланды.

Кездесу барысында «ҚазМұнай-Газ»ҰК» АҚ мен «Татнефть» ААҚ арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжатта Қазақстан мен Ресей аумағында геологиялық зерттеу және бірлескен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу; мұнай өндірудің жаңа технологияларын енгізу және өндірісті цифрландыру бойынша тәжірибе алмасу саласындағы ынтымақтастықтың болжамды бағыттары айқындалған.

Бұдан басқа, тараптар Казань қаласының маңындағы «Иннополис» инновациялық орталығының аясында Қормен болашақта жоспарланған ынтымақтастық бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, ғылыми, жоғары технологиялық экосжүйелерді құру, соның

ішінде бизнес-модельді қалыптастыру, күтілетін нәтижелер мен инвестицияларды тарту бойынша тәжірибе алмасу салаларын сөз етті. Тараптар Қазан қаласындағы кездесу мұнай-газ саласының қазіргі сын-тегеуіріндерін талқылауға арналған алаң ғана емес, сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа әрі өзара тиімді бағыттарын анықтаудың керемет мүмкіндігі екенін атап өтті. Қатысушылар кездесу Қазақстан мен Татарстанның жетекші мұнай-газ компаниялары арасындағы серіктестік

қатынастардың нығаюына өз септігін тигізетініне сенім білдірді.

Айта кеткен жөн, Татарстанның мұнай-химия өнеркәсібі – мұнай өндіру саласында ең дамыған елдердің бірі.

Кездесу соңында Қор басшысы президентке жекешелендіру бағдарламасын ұсынды. Айта кеткен жөн, Қор 2015 жылы Үкіметтің қабылданған Кешенді жекешелендіру жоспарын жүзеге асыруға қатысады. Жоспарға енгізілген Қор тобы активтерінің 80%-дан астамы жүзеге асырылды. Олардың маңыздыларының

бірі «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының 15% қатысу үлесін 2018 жылдың қараша айында IPO-ға орналастыру болды. Сондай-ақ, алдағы жылдары Қордың 8 негізгі компанияларын, оның ішінде «Эйр Астана», «Қазақтелеком», «ҚазМұнайГаз», «Самұрық Энерго», «Тау-кен Самұрық», «Қазпошта», «Қазақстан Темір Жолы» және «Qazaq Air» компанияларының акцияларын орналастыру немесе стратегиялық сату жоспарланып отыр. **Е**

www.sk.kz

www.kmg.kz



ЕМГ – ІРІ Салық төлеуші компаниялар қатарында

Жуырма нарықтағы жаңалықтарды тарататын «LS Aqparat» ақпараттық агенттігі 2019 жылдың I жартыжылдығында еліміздегі ірі салық төлеуші компаниялардың тізімін шығарды.

336 компания кірген тізімнің ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ «Казгермұ-

най» БК» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнай» және басқа да көптеген компанияларды озып, төртінші орынды иемденген.

Тізімде көш бастап тұрған – 852,2 млрд теңге көрсеткішімен «Теңізшевройл» ЖШС (2018 жылы -1,9 трлн теңге).

Екінші орында – 350,2 млрд теңге салық төлеген «Карашығанак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (2018 жылы 680 млрд теңге).

Алдыңғы үштік құрамындағы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ағымдағы жылдың алғашқы 6 айында салық

ретінде 112,2 млрд теңге қаражат аударған (2018 жылы – 372,6 млрд теңге).

Ал, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның үлесінде 106,2 млрд теңге (2018 жылы бұл көрсеткіш 199,2 млрд теңгені құраған). **Е**

Қайырымдылық

Арыстықтар Атырау облысының тұрғындарына ризашылығын білдірді

Облыс тұрғындарының көмек-қолдауының арқасында қазір Арыста 482 үйді қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр, -деп хабарлайды Атырау облысының өңірлік коммуникациялар қызметі.

Қазіргі мезетте Атырау облысына бөлінген секторда 13 құрылыс мекемесі қызмет етуде, 500-ден астам адам және 20-ға жуық бірлік техника тартылған. Құрамында облыс әкімінің орынбасары мен кеңесшілері бар ведомствоаралық топ осы жұмыстарды үйлестіріп отыр. Қазір жұмыстар толыққанды режимде жүргізілуде, бірнеше үй толықтай қалпына келтірілді.

Бұл жөнінде Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Арысқа жұмыс

сапарымен келген премьер-министр Асқар Маминге баяндады. Содан соң, облыс әкімі мердігер ұйымдардың басшыларымен кеңес өткізді.

- Осында орын алған оқиға бүкіл елімізге ауыр соққы болды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен адамдар Арыстың тұрғындарына көңіл білдіріп, түрлі көмек көрсетіп жатыр. Үйлерді қалпына келтіру жұмыстары сапалы жүргізіліп, уақтылы аяқталуы тиіс. Сіздерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Үйлерді салғанда кірген адамдар риза болып, сіздерді жылы сезіммен еске алатындай қылып істеміздер, -деді Нұрлан Ноғаев.

Өңір басшысы кеңестен соң Арыстың тұрғындарымен кездесіп, тілектерін тыңдады.

- Облыстың тұрғындары Мемлекет Басшысының үндеуін қолдап, Арысты қалпына келтіруге белсенді атсалысуда. Гуманитарлық көмек, қаражат жіберілді, еріктілер барды. Бұл бала кезімізден қанымызға сіңген қасиет, қиын-қыстау сәтте еліміздің тұрғындары отандастарын қолдаусыз қалдырмайды, -деп атап өтті облыс әкімі.

Өз кезегінде, Арыстың тұрғындары қолдау көрсеткені үшін атыраулықтарға ризашылығын білдірді.

- Біз барлығына да, Елбасына, Президентке, Атырау облысының тұрғын-

дарына зор рахмет айтамыз. Сапалы, жақсы үйлердің қарқынды салынып жатқанын көріп отырмыз. Сын сәтте шеткері қалмай, қолдау көрсеткендеріңізге рахмет. Үйлеріміз біткесін Атырау облысының тұрғындарын қуана-қуана шақырамыз. Сіздер ұмытылмастай болып есімізде қаласыздар, -деді Арыстың тұрғыны Бибіхадиша Момын.

Айта кетейік, ембіліктер де қайырымдылық көмегінен тыс қалған жоқ. Арыс халқына көмек ретінде мұнайшылар қаражат жинап, гуманитарлық көмек көрсетуде. **Е**

*Атырау облысы әкімдігінің
баспасөз қызметі*

Дуалды оқыту – табысты келешек кепілі

Жалғасы. Басы 1-бетте

10-шілде күні өткен Атырау мұнай-газ университеті және АРЕС PetroTechnic Жоғарғы колледжінің түлектеріне диплом тапсыру салтанатты шарасына «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қатысты.

- Дуалды оқыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы Компания отандық мұнай-газ саласына білікті кадрларды дайындауға сүбелі үлесін қосып келеді. Өндірістіккен алаңдарымызда тағылымдамадан өткен студенттердің жартысынан көбі дерлік компанияға жұмысқа орналасты, - деді өз сөзінде Ә.ЖАҚСЫБЕКОВ.

Биылғы түлектерге диплом табыстау салтанатты жиын «АРЕС PetroTechnic» Жоғарғы колледжінен басталды. Айта кетсек, дуалдық оқыту негізінде дәріс алған аталмыш колледж студенттерінің 11-і Компанияның арнаулы қорытынды тесттік сынағынан мүдірмей өтіп, жақсы нәтижесімен компанияға жұмысқа қабылданды. Ал, биыл, колледждің 20 түлегі дуалды оқыту бағдарламасы бойынша оқуды тәмамдады.

Салтанатты шара С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде жалғасын тапты. Жоғарыда айтып өткен бағдарлама бойынша білім алған 78 студенттің 54-і осы қара шаңыраққа тиіселі. Жалпы биылғы жылы дуалды оқыту бағдарламасы негізінде 43 студент «Технологиялық қондырғылар операторы», «Химиялық талдау зертханашысы», «КИПиА дәнекерлеушісі», «Мұнай және газ өндіру операторы», «Ұңғымаларды

зерттеу операторы» мамандықтары бойынша оқуды тәмамдады.

ЕМГ – еліміздің мұнай-газ саласына маманданған кәсіпорындардың арасынан алғашқы болып осындай маңызды жобаны қолға алғанымыз мақтанарлық іс. Мұның барлығы – жас мамандарға жасалып жатқан үлкен қамқорлық.

Жұмабай АМАНОВ - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстық цехының операторы, тағылымгер: «Біз де білімімізді шыңдаймыз»

Кәсіптік білім берудің әлемдік тәжірибесінде әлеуметтік серіктестікті жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде германдық дуалдық жүйесі кеңінен қанат жайғаны көпшілікке белгілі ғой. Сол Германиядан келген арнаулы мамандар біздерді, яғни, тәлімгерлерді Шымкент қаласында халықаралық стандарт бойынша оқытқан еді. Біз сол арнаулы оқудан өткеннен кейін ғана тәлімгер атандық.

Жұмыс «Тәжірибеден – теорияға» принципімен жүреді. Студент тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Әр вахталық кезекшілігін тапсырарда тәжірибеден өтуші студенттер теориялық және практикалық білімдері бойынша сынақ тапсырады. Жалпы бұл дуалдық жүйенің бізге, яғни тәлімгерлер үшін де ерекше пайдасы бар. Солармен бірге ұмыта бастаған білімімізді жаңартып отырамын. Тіпті психолог та болып алдым. Қай студенттің вахтаға келгенде қандай көңіл күймен келгенін де байқап отыру да – тәлімгердің міндеттерінің бірі.

Архат Талғатов, Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетінің студенті:

«Жастар үшін тиімді бағдарлама»

- Уфа мемлекеттік мұнай технологиялық университетінің талабы бойынша 3-курстан кейін студенттер өндірістік тәжірибеден өтулері шарт. Ресейлік «Газпром», «Лукойл» және қазақстандық «Ембімұнайгаз» АҚ-ның сайттарына кіріп, онлайн жүйесі арқылы сауалнама сұрақтарына жауап беріп, өндірістік тәжірибеден өту туралы өтінішімді, оған өзімді жан-жақты таныстырған құжатты қоса жолдадым. Кейінен мен үш компанияның да оң жауаптарын алдым. Ойлана келе, ата-анаммен ақылдасып өндірістік тәжірибені ЕМГ-нің өндіріс алаңдарында өткізуге шешім қабылдадым.

Неге қазақстандық компанияны таңдадым? Әрине, ресейлік екі компания да аттары кеңге тараған кәсіпорындар. Технологиясы да алға кеткен. Бұл жер-

де мені қызықтырғаны – қазақстандық компаниядағы Дуалдық оқыту бағдарламасының өндірістік тәжірибеден өткізетін уақытының тиімділігі. Ресейлік компаниялар өндірістік тәжірибе уақытын 30 күн деп, яғни 1 вахта деп белгілесе, қазақстандық кәсіпорын 6 вахта уақытын ұсынды. Әрине, мен екіншісін таңдадым. 6 вахта кезінде мен біраз тәжірибе жиып, көп нәрсе үйренетінім хақ. Міне, бұл орайда «Ембімұнайгаз» АҚ жастарға өндірістік алаңда тәжірибеден өтуге жеткілікті уақыт бөліп отырығанын баса айтқым келеді.

Өндірістік тәжірибе кезінде «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Прорва кен алаңындағы Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысында болып, теориялық білімімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алдым. Өндірісте бұрыннан еңбек етіп келе жатқан ембілік мамандардың қамқорлығын ерекше атап өткім келеді. **Е**



Өндірісті оңтайландыру

Трансформациялау - өркендеуге бастайтын жаңа жол

Біз Трансформациялау бағдарламасын тиісті деңгейде түсіне алып жүрміз бе? Трансформация бізге не үшін қажет? Көпшілікті алаңдатқан мәселелерге қысқаша тоқталсақ.

Бүгінгі қоғам көз ілеспес шапшаңдықпен алға жылжуда. Айналамызда болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардың әсерінен қоғам да өзгеріп жатыр. Қоғаммен бірге адам баласының да өзгеруі заңдылық.

Бүгінгі заманның көшінен қалмау – әркімнің алдына қойған басты мақсаты. Демек, келешектің көшінен қалмаймын деген қоғамға Трансформациялау бағдарламасын енгізу – күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі.

Компанияның бүгінгі қол жеткізген жетістіктері келешекте кәсіпорын дамуының берік негізі болып табылады. Кәсіпорынның дамуына айтарлықтай ықпалын тигізеді деген жаңа жобаның бірі – Трансформациялау бағдарламасы. Аталмыш бағдарлама – компанияның мықты тұстарын одан әрі нығайтумен қатар, мұнай-газ саласында алдыңғылардың бірі болып қалуға жол ашатын тиімді құжаттың бірі.

Трансформациялау бағдарламасы – қарапайым тілмен айтсақ, еңбектің тиімділігін арттыру, өндіріс процестерін оңтайландыру, шығындарды азайту. Сол арқылы, табысты еңбекке жол ашу. Мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру-

ға баса назар аударылады. Профильді емес еңбек түрлерін қысқарту арқылы Компания табысқа қол жеткізеді.

Еңбек адамы – компанияның басты ресурстарының бірі. Ал, Трансформациялау бағдарламасы қызметкерлермен жұмыс істеуге, олардың жан-жақты дамуына, кәсіби біліктілігін арттыруға басты көңіл бөледі. Әрбір маман белгілі бір деңгейде көшбасшы болуға, бастамашыл болуға ұмтылады. Аталмыш бағдарлама қызметкерлердің бойындағы осы қасиеттердің дамуына да жол ашпақшы.

Бір сөзбен түйіндесек, қарт Ембіге екінші тыныс беретін жобалар кезең-кезеңімен қолға алынып, жүзеге асуда.

Осы мақсатта өндіріс жұмысы толық автоматтандырылған жүйеге көшіріліп, жұмысты тиімді жоспарлауға баса көңіл бөлініп келеді. Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан Ембіге екінші тыныс беру – ол сіз бен біздің тұрақты жұмысымыз, балаларымыздың ертеңіне деген сенімділік. Ал, осы жоспарлы жұмыстарды нәтижелі ететін тиімді құжаттың бірі – Трансформациялау бағдарламасы.

Демек, Трансформация – жұмысшыларды қысқарту емес, тиімсіз шығындарды қысқарту. Ол – өзгеру, даму, қоғамның талабынан көріне білу мақсатында қолға алынған бағдарлама. **Е**



Құрылыс жұмыстары қарқын алуда

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Өнім өндіру мен тапсыру жоспарының тұрақты орындалуы құрылыс жұмыстарына байланысты екенін ескерсек, аталмыш шараның маңыздылығы айрықша.


2018-2019 жылдардағы құрылыс жұмыстарына қысқаша тоқталсақ.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ 7 өндірістік нысан мен 1 әлеуметтік нысан құрылыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Нақтыласақ, ұңғымаларды жайғастыру, кенішілік сұйықтықты жинау жүйесін жарақтандыру, С.Балғымбаев кен алаңындағы арнайы техникаға арналған 3 гараж-бокс пен «Оңтүстік Шығыс Қамысты» кен орнындағы 10 бірлік арнайы техникаға арналған гараж-тұрағы, су қорын жинауға арналған РВС-700 текше метр құрылысымен Аққыстау-С.Балғымбаев кен орнындағы ф 150 мм. ПВХ құбырынан тартылған су құбырын жинақтау, Жаңаталап кенішіндегі электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру, Оңтүстік Батыс Қамысты-Оңтүстік Шығыс Қамысты кен аралық автокөлік жолдары және С.Балғымбаев кен алаңындағы 150 орынды модульдық асхананың құрылысы аяқталып, пайдалануға тапсырылды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ 8 ұңғыманың жайластыру жұмыстары, 77 ұңғыманың сағасын жабдықтау жұмыстары, 3 ұңғыманың мұнай жинау және тасымалдау жүйесін кеңейту жұмыстары жүргізіліп, Батыс Прорва кен орнындағы Рено матрацымен қорғаныс дамбасы нығайтылды, өндіріс ішілік сұйықтықты жинау жүйесі қайта жаңғыртылды. Қисымбай

кен орнындағы 50 орынды асхананың құрылысы аяқталып, Құлсары қаласындағы өндірістік аймақтағы жатақхана мен асхана ғимараты қайта жасақтаудан өтті. Ақтөбе-ОМАП Прорва кен орнының мұнай құбырын қайта құрылымдау, «Құлсары», «Прорва» АЭТ ғимараттарында газбен жабдықтау желісінің және инфрақызыл газ сәулесімен жылыту жүйесінің құрылыстары жүргізілді.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымалардың сағасын жабдықтау, сұйықтықты жинаудың өндіріс ішіндегі жүйесін қайта құрылымдау, мұнай жинай және тасымалдау жүйесін кеңейту, Қарсақ-Ботахан кен аралық 11 шақырым жол құрылысы жұмыстары аяқталды. Солтүстік Жолдыбай кен алаңында 4 шақырымдық, Байшонас-Қарсақ кен аралық 6 шақырымдық өндіріс ішілік жол жөндеуден өтті. Қарсақ кен орнында қолданыстағы кәсіпшілік-ішаралық 6/0,4 кВ әуе желісі қайта жаңғыртылды. Шығыс Мақат кен орнында РВС-1000 м3 құрылысы аяқталды. Солтүстік Жолдыбай кен алаңында 4 шақырымдық, Байшонас-Қарсақ кен аралық 6 шақырымдық өндіріс ішілік жол жөндеуден өтті.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ 4 өндірістік нысан мен 1 әлеуметтік нысан қолданысқа берілді. 12 ұңғыманың сағасы жабдыкталып, 9,56 шақырымдық мұнай жинау және тасымалдау жүйелері кеңейтілді. Басқарма бойынша сұйықтықты жинаудың өндіріс ішілік жүйесі қайта құрылымдалды. Уаз кен орнындағы бұрынғы кәсіпшілік-ішаралық 10/6/0,4 кВ әуе желісі қайта жаңғыртылды. Кенбай кен орнындағы 100 орынды модульді жатақхана пайдалануға берілді. 



Біздің ұжым - бір команда

Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар. Өсіресе, ол біздің қазақ елінде ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы. Осындай бейбіт елде татулықты ту етіп өмір сүруді біздің ұжымда, ұжымның әр мүшесі де естен шығарған емес. Бұл ұжым әрдайымда еңбек майданындағы әр істі бірлесіп шешуде, жұмысқа жаңа келген жас буынға тәжірибе жинақтауына мол мүмкіндік бере алатын ұжым ретінде сезініп, мақтан тұтамын. Мұнайлы өлкедегі еңсесі биік, берекесі мен бірлігі артқан шаһарлы мекеме-ол Қайнармұнайгаз мекемесі, яғни Ембімұнайгаз АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі. Қазіргі жаңа технологиямен даму заманында әдіс-тәсілдерінде жылт еткен жаңалықтың жаршысы болумен қатар, заманнан қалмай мамандардың тәжірибесінен пайдаланып жұмыстанудың өзі бір са-

рындылықты жоятыны рас. Осындай мақсатта жұмыс жүргізіп келе жатқан ұжымды әркезде де мақтанышпен айтамын.

Қазіргі заман талабына сай жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын жас буын өкілдерінің көптеп кездесуі, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Көрнекті кеңес педагогы А.С.Макаренко: «Ұжым дегенміз - бұл әлеуметтік жанды тұлға. Себебі оның ұйымдары, жауапкершілігі, ұйымдардың арақатынасы, өзара тәуелділігі бар, егер ондайлардың ешқайсысы болмаса, онда ол ұжым бола алмайды, жай ғана тобыр немесе жиынтық болады», – деген сөзінің жаны бар. Мен эссеге арқау етіп отырған ұжымда жай ғана тобыр немесе жиынтық емес, өз ісінің қас шеберлері жиналған, жастар болашағына жөн сілтей білетін, бағдары мен бағыты айқын, бір мақсатқа жұмыла білетін ұжым ретінде бағалаймын.

Бір ұжымда еңбек ете жүріп, ортақ пікірмен, бір бағытқа бағытталған көз-

қарасқа бағытталу арқылы ой мен сана бірігеді. Осындай көзқарастар ұжым ауызбіршілігінің мықты болуына әкеледі. Міне, ұжымның бір команда болып жұмыс жасауына да мықтылықтың болуы бірінші орында.

Өз мамандығымды сұранысқа ие мамандық ретінде танып, ешқашан керектігі мен қажеттілігі жойылмайтын тұрақты мамандық деп білемін. Өзім тәрізді жас буын әрдайымда жаңашылдықтың лебін сездірте білдіруіміз керек деп ойлаймын. Сонымен бірге мен өз ұжымымның бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын. Өзімді бұл ортада жайлы сезініп, екінші үйім іспетті үлкендерін қадір тұтып, кішілеріне ізет көрсетемін. Бұл ұжымға келгенімде мені жаңаша көзқараспен қабылдаған барлық ұжым мүшелеріне шексіз алғыс білдірудемін.

Қандай күндерде ұжымның бірлесе жұмыс атқаруы, «бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығару» арқылы ұжымның береке-бірлігі артып, бір команда болып жұмыс жасаудың үлгісін көрсетіп келе жатқан ұжымға әрда-

йым сәттіліктер тілеймін! Біз әрқашанда біргеміз, тек қана Алға! **Е**

*Назгул МАХАМБЕТ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ сапа жөніндегі 2-категориялы инженері.*



Ішкі коммуникация – тиімді байланыс

«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметінің ұйымдастыруымен болған «Ішкі коммуникация - тиімді байланыс» атты форумда Компанияға жаңадан қабылданған қызметкерлер мен ұжымда біраз жылдардан бері еңбек етіп келе жатқан мамандар арасындағы өзара байланысты нығайту жолдары кеңінен айтылды. Шара кезінде еңбек ұжымы арасында «кері байланыс» жүйесі орнағанда өзара түсініспеншілікке құрылған диалогтың көрініс табатыны, ал, ынтымағы жарасқан ұжымда еңбек табысты болатыны жан-жақты баяндалды. Тек баяндалып қана қоймай, қызметкерлер арасында тәжірибелік жұмыстар – жаттығулар көбірек көрініс тапты.

Гүлнар Мусина, күрделі құрылыс департаментінің аға инженері:

- Компанияның ішкі жаңалығы барлық жұмысшыға әрдайым қолжетімді болу керек. Әрбір қызметкер ұжымдағы болып жатқан жұмыстармен, жаңалықтармен тереңірек таныс болған

жағдайда жағымсыз ақпараттардың, оқиғалардың алдын алуға жол ашылатыны даусыз. Форумда осы мәселе жақсы, егжей-тегжейлі айтылды.

Жанна Үмбетова, құжаттармен қамту тобының жетекшісі:

- Ұжымда әлеуметтік-психологиялық жағдайды қалыптастыру арқылы корпоративтік имиджді жасаймыз. Ол ұйымның жалпы жетістіктерінің нәтижесі. Мұндай шаралар командалық рухты қалыптастыруға көмектеседі. Өте керек шара, енді осындай тиімді жиындарды өндіріске жақындатсақ. Қарапайым еңбек адамдарының ортасында ұйымдастырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.



Салидат Иргалиева, инженер департамента управления персоналом и оплата труда:

- Программа интересная, увлекательная, весьма информативная и интенсивная в эмоциональном плане. Подача информации в доступной и понятной форме, интересные и поучительные практические занятия, позволившие по-другому взглянуть на уже имеющиеся знания и опыт и переосмыслить уже усвоенные ценности, поднять самооценку, но и обозначить болевые точки.

Освежилось мое восприятие коммуникаций в общей Команде, появилась возможность провести ревизию уже сложившихся ситуаций и взглянуть со стороны на имеющиеся проблемы и возможности их решения.

В целом, форум прошел в доброжелательной атмосфере, теплой дружеской обстановке.

Ғазиз Атырауов, көлік департаментінің аға инженері:

- Әр кезеңнің өзіндік жақсылығы мен кемшіл тұстары болатыны белгілі. Мен бұл орайда Компанияның орталық аппараты 4 қабатты ғимаратта отырған кезде ұжым ішілік байланыс тығыз болды десем

ешкімнің көңіліне келмес. Заман талабына сай еңбек ету, өмір сүру- әрбір адамның, қоғамның мақсаты. Міне, осы орайда біздің Компания жаңа ғимаратқа көшті. 8-қабаттағы кеңсе керекті жабдықтармен толықтай қамтылған. Бәрі тамаша, жаңа қоғамның заманауи офисі осындай болса керек. Тек, бір-бірімізбен байланысымыз бөсеңсіп кеткен сияқты. Әр блог өзінің «қазанында қайнап» жатыр. Міне, осы кемшін тұсты толтыратын шаралардың бірі-осындай форумдар болса керек.

Рауиль Ерғалиев, сатып алу және жергілікті қамту департаментінің инженері:

- Шынын айту керек, біз кейде өзгердің өзiмiз туралы пікірін білгіміз келіп тұрады. «Қалай болды? Мен сырт көзге қалай көрінемін? Өзімді қалай ұстадым?» деп өзіміз туралы өзгелердің пікірін сұрап жататынымыз бар. Сенің әрекетінді сырттай бақылаған адам өзіндік пікірін, бағасын беріп жатады. Оның пікірі менікімен сәйкес келмей жатуы да мүмкін. Алайда, сырт пікір бізге өзімізді түзетуге, жақсару жолында өзгеруге мүмкіндік береді. Міне, бұл - кері байланыс. Бүгінгі форумның көздегені де осы деп түсінемін, ендеше шара мақсатына жетті. **Е**



«СЭН» құрылғысы – жаңа тиімді әдіс

Қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кен орындарында кездесіп жүрген үлкен проблеманың бірі – игеру кезінде ұңғыма құбырларында парафиннің түзілуі. Парафиннің ұңғымаларда түзілуі сораптардың жұмысына, ұңғымалардың өнімінің азаюына, тазалау кезеңі (МОП) мен жөндеуаралық кезеңінің (МРП) төмендеуіне әкеліп соғады. Егер ұңғымаларды тазалап, қалпына келтіру жұмыстарына көп шығын жұмсалатынын ескерсек, ол мұнай өндіру құнының өсуіне әкеліп соғып, компания экономикасына кері әсерін тигізетіні белгілі.

Парафинді мұнай – құрамында ерітілген парафиннің едәуір мөлшері бар мұнай түрі. Барлық мұнай құрамында парафиннің мөлшері бар, олардың құрамы 0,2-ден 30%-ға дейін және одан да көп болады. Мұнай отын мен майларды алуға арналған шикізат ретінде парафин құрамы бойынша 3 түрге бөлінеді:

- аз парафинді (парафиндердің 1,5% - ға дейін);
- парафинді (1,5-тен 6,0% - ға дейін);
- жоғары парафинді (6,0% - дан астам).

Олардың ерігіштігіне қабаттағы температура көп әсер етеді. Температурадан басқа, парафиндердің ерігіштігіне қысым, мұнай құрамы, еріген газдың мөлшері мен құрамы, парафиндердің құрамы әсер етеді. Мұнайдың маңызды сипаттамасы оның парафиндермен қанығу температурасы болып табылады, қабат температурасы төмендеген кезде мұнайдан парафиннің алғашқы кристалдары бөліне бастайды. Қанығу температурасын анықтау әдістері онда қатты фаза (парафиндер) пайда болған кезде мұнайдың белгілі бір сипаттамаларының өзгеруіне негізделген: визуалды, рефрактометриялық, термографиялық, ультрадыбыстық, сүзу және басқа да әдістерді қолданады.

Температуралық жағдайлардың аздаған өзгеруі кен орындарындағы өндіруші ұңғымалардың өніміне және

қабаттың мұнай беру деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Парафин кристалдарында шайырлар, асфальтендер, майлар және мұнайдың басқа да компоненттері шөгеді. Сол себептен игеру кезінде мұнай беруінің жоғары мәніне қол жеткізу үшін, қабаттық қысымды дәстүрлі ұстап тұрудан басқа қабаттық температураны бастапқы температурадaн төмендетпей ұстап тұру қажет. Мұнай құрамындағы парафиндердің тек ұңғымалардың түбінде ғана емес, ұңғымалардың қабырғалары мен құбыржолында түзілуі де мұнайды өндіру мен тасымалдау процессіне кедергі жасайды. Мұның алдын алу және жою үшін бірқатар шаралар қарастырылған: ұңғымаларды ыстық мұнаймен жуу, мұнайды тасымалдау кезінде қыздыру, мұнайға парафин еріткіштерін, ұңғымалардың, құбырлардың парафинденуіне кедергі келтіретін химиялық белсенді заттарды қосу.

Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты мұнайының құрамында парафин кездесетін 14 кен орындары бар, олар: Оңтүстік-Батыс Қамысты, Жаңаталап, Гран, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Батыс Новобогат, Сағидолла Нұржанов, Батыс Прорва, Досмұхамбетов, Ақтөбе, Ақинген, Аққұдық, Қаратон, Қисымбай және Шығыс Мақат. Бұл парафинді кен орындарынан 2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жылдық мұнай өндіру жоспарының 56 пайызы өндіріледі деп күтілуде.

Құрамында парафині бар мұнай қабаттарын тиімді игеру мақсатында «Жаңа техника және технология» департаменті «Каспиан Техно Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісім шарт жасасып, сол компанияның парафинді мұнай қабаттарынан мұнайды жылытып өндіруге арналған «СЭН» электр қыздырғышын пайдаланып Сағидолла Нұржанов, Батыс Прорва, Ақтөбе және Ақинген кен орындарындағы ұңғымаларға тәжірбиелік-өнеркәсіптік сынақ жұмыстарын жүргізген болатын.

Парафинді құбырларды жер бетінде механикалық әдіспен тазалау кезінде парафинді мұнай құрамынан қатты күйінде алып қалу себебінен мұнайды өңдеу кезінде керекті көптеген құнды химиялық қоспаларды жоғалтамыз. Мұнай парафині - бұл қалыпты құрылым молекулаларының едәуір басымдығы метандық қатардағы көмірсутектердің қоспасы. Жұмсақ парафин (балқу температурасы 40-42°) негізінен сіріңке өнеркәсібінде, қағазға сіңіру үшін, былғары және тоқыма өнеркәсібінде және т.б. қолданылады.

«Каспиан Техно Групп» ЖШС әзірлеген «СЭН» ұңғымалық жылытқыштың конструкциясы ұңғымалардың келесі сипаттамаларына кешенді әсер етуге мүмкіндік береді: мұнайдың тұтқырлығы азаяды, оның қозғалғыштығы артады, құрылымдық-механикалық қасиеттерін әлсіретеді, капиллярлы сіңдіру және ығыстырушы агенттің сулануы үшін жағдайлар жақсарады, бұл ығыстыру коэффициентінің және мұнай берудің артуына әкеледі.

«СЭН» типті қыздырғыштың жылу тасымалдығышы (тосол, тұщы су) толтырылған камера болып табылады. Жылу тасымалдаушы жылу кезінде ішкі камераның қабырғалары арқылы ұңғымалық өніміне жылу беріп, өнім жер бетіне шыққанша қабат температурасының деңгейінде қыздырып тұру арқылы парафиннің құбыр қабырғаларына тұтылуына жол бермейді, ал сыртқы камераның қабырғалары арқылы жылуды тікелей перфорация интервалына және ұңғыманың түп маңы аймағына береді.

Ұңғымалық электрлі-қыздырғыш келесі маңызды міндеттерді шешеді:

- Қабаттың түп маңы аймағын жылытады және тиісінше қабаттың өнімінің температурасын арттырады;
- НКТ құбырларына шайыр, асфальтендер мен парафиндер шөгінділерінің түсуін болдырмайды;
- Қыс мезгілінде тастағыш желілерді жылытады.

Құрылғы электр қуаты арқылы жылыту негізінде жұмыс істейтін ұңғымалық қыздырғышқа жатады. Өзге құрылғылармен салыстырғанда, ол бірқатар даусыз артықшылықтарға ие:

- конструкциясының қарапайымдылығы және техникалық қызмет көрсетуі;
- жоғары өнімділігі;
- ұзақ мерзімділігі;
- қызып кетуден сенімді қорғауы, жылу температурасын реттеуге мүмкіндік беретін термодатчик қаралған;
- қабат сұйықтықтығының температурасын автоматты реттеу мүмкіндігі;
- «СЭН» құрылғысын мұнай ұңғымаларының өнімдерін өндіру үшін де, қабатқа су айдау кезінде де реагентті қыздыру үшін де пайдалануға болады;




«СЭН» құрылғысын ұңғыманың кез келген өніміне және түп маңы аймағының ұзындығына қарай дайындауға болады.

Тәжірбиелік-өнеркәсіптік сынақ барысында «СЭН» қондырғысының мұнай қабаты мен мұнай құрамындағы парафиннің түзілмеуіне қалай әсер ететінін анықтау кезінде, қондырғының тек қана ұңғыманың түбіне ғана емес, қондырғының кабелі де ыситындықтан сұйықтықтың ұңғы сағасына көтерілгенше парафиннің кристалдану процесі басталатын температурадан жоғары болуына байланысты құбыр бойында парафин түзілмейтіні анықталды. Ғылыми институттар жасаған игеру жобаларында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қатысты кен орындарындағы парафинді қабаттарындағы парафиннің кристалдану процесі басталатын температура шамамен +52-55 градус деп көрсетілген. Ал, «СЭН» қондырғысының сұйықтықты ысыту температурасын +70 градусқа дейін көтеруге болады.

«СЭН» электрлі-қыздырғыш құрылғысын енгізген күннен (15.12.2017ж.) және бүгінгі күнге дейінгі аралықта ұңғымаларда жерасты жөндеу жұмыстары мен мұнайды қыздырып жуу жұмыстарының көлемі айтарлықтай азайғанын ескерсек, бұл тәжірбиелік-өнеркәсіптік сынау жұмысының нәтижелігін көрсетеді. Бизнес-жоспарды жоспарлау кезеңінде өзін-өзі ақтау өлшемдеріне сәйкес, бюджеттеу және экономикалық талдау департаментінің есептеген экономикалық тиімділігінде IRR (пайданың ішкі нормасы) - 101% және NPV (таза келтірілген құны) - 127,5 млн.теңге құрауына байланысты құрылғыны қолдану экономикалық тиімділік жағынан да сәйкес келді.

«ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологияларының ғылыми-зерттеу институты» - тәжірбиелік-өнеркәсіптік сынақ кезінде ұңғыманы тазалау және жуу жұмыстары көлемінің қысқаруына байланысты, «СЭН» электрлі-қыздырғыш құрылғысын ұңғымаларға қолдану тиімді деп қорытынды берді. Тәжірбиелік-өнеркәсіптік сынақ нәтижесіне орай, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның инновациялық-техникалық кеңесі «СЭН» электрлі-қыздырғыш құрылғысын өнеркәсіпке енгізуге шешім қабылдады. **Е**

Рауан САБИРОВ,
жаңа техника және технология
департаментінің директоры.



Звезде Сафи сиять всегда

Сафи Утебаева никому не нужно представлять: патриарх нефтяной отрасли, один из организаторов нефтяной промышленности Казахстана. Вот как характеризует его «Нефтяная энциклопедия Казахстана»: «Почетный нефтяник СССР (1969). Заслуженный деятель науки и техники КазССР (1969). В числе первых инженеров-нефтяников казахов окончил Бакинский нефтяной институт (1935). В 1935-45 – работал инженером, начальником НПУ Макат, Байчунас, Кулсары, Комсомольск объединения «Эмбанефть». В 1945-51 – первый секретарь Жылыойского райкома КП Казахстана. В 1951-57 – начальник объединения «Казахстаннефть». В 1957-65 – председатель Атырауского и Западно-Казахстанского совнархоза. В 1965-71 – директор объединений «Казахстаннефть» и «Мангышлакнефть» в статусе министра республики. В 1971-80 – заместитель директора Научно-исследовательского института технической информации (КазНИИТИ) Госплана КазССР.

Сафи Утебаев является одним из первооткрывателей нефтяных месторождений Кулсары, Комсомольск, Прорва, Кенкияк, Каратон, Мунайлы, Жетыбай, Узень. Уже из этих скупых строчек можно сделать вывод о неограниченности его вклада в становление нефтяной отрасли.

Труд нефтяника был отмечен многими высокими наградами. В годы Союза награжден орденами Ленина, Октябрьской революции, Отечественной войны, двумя орденами Трудового Красного Знамени, «Знак Почета», «Барыс» 1-й степени (2004) и многими медалями и почетными грамотами. Лично из рук Президента страны получил два высших ордена суверенного Казахстана: «Отан» (1999) – в честь 100 летия казахстанской нефти и «Барыс» 1-й степени в 2004 – в честь его 95 летия.

Слава Богу, он прожил большую жизнь. Скончался в апреле 2007-го, буквально за месяц до 98-летия. И чем больше изучаешь, тем более удивляешься, сколько успел он в ней совершить. Тем важнее писать о нем, рассказывать, чтобы не только те, кто работал под его началом, но и те, кому не выпало счастья пообщаться с ним смогли проникнуться чувством знакомства с этим удивительным Человеком: широчайше образованным профессионалом, до мозга костей нефтяником, мягким, добрым, улыбчивым и одновременно твердым как сталь, когда это касалось работы, принципиальных моментов. Он умел отстоять свою позицию, когда был уверен в своей правоте, не боялся испортить отношения с вышестоящими. Но умел и прислушаться к мнению других, согласиться с оппонентом — это дорогого стоит: не настаивать на своем мнении только потому, что ты у власти и можешь заставить выполнять, что хочешь, а не бояться признать, что ты не прав и принять иную точку зрения. Он был таким. Ибо самым главным для него были эффективность и результативность труда на благо родной земли. Во имя этого он способен был перенести все, любые трудности.

Всем ясно, насколько трудно торить тропу, идти неизведанным путем. А он поступал именно так. Правда, сам не любил особо рассказывать: о людях,

друзьях, коллегах — пожалуйста, о себе — не очень. Приходилось, чтобы написать о нем, разговаривать с коллегами, друзьями, перелистывать книги об истории нефти.

Сафи был одиннадцатым ребенком Утебая и Рахимы. Его предки кочевали в степях. Его дед, батрак-жатак Баспай, никогда и помыслить не мог, каким прославленным человеком будет его внук. Сафи и родился-то необычно: в степи, под открытым небом. Мать его, Рахима, отправилась собирать кизяк для очага, почувствовав приближение схваток, она легла прямо на песок, а когда мальчик родился, не имея ничего другого под руками, она завернула его в мешок, предназначенный для кизяка, и понесла домой.

Наверное и ему предназначено было заниматься животноводством. Но началась нефтяная эра. И старшие братья Сафи пошли в разведку, учились, стали монтажниками-вышкойниками. Брат Кали, у которого Сафи жил несколько лет после смерти отца, был тартальщиком в Доссоре. Что это за галицийский способ добычи, и что за операция тартание Сафи узнал рано. Ему удивительно было наблюдать, как долбили, разрыхляли землю — словно колодец копали. Затем в этот небольшой колодец спускался рабочий и продолжал долбление. Когда, наконец, добивались до нефтеносного горизонта, начиналась добыча. Нефть наверх поднимали большими резервуарами-желонками. Эта операция и называлась тартанием, а одна из самых тяжелых профессий на промыслах (попробуй, такую громаду подними!) — тартальщик.

Сафи тартальщиком не был, но трудностей хлебнул немало, ибо в те годы везде был в основном ручной труд. Он начал со слесаря, окончив всего пять классов школы. Затем перешел бурильщиком, кстати, именно он одним из первых на Эмбе, с помощью прибывших из Баку опытных мастеров, осваивал метод вращательного бурения, пришедший на смену уже поупотребленному галицийскому.

Понимая, что знаний у него очень мало, а разворачиваются большие дела, он поступил в открывшееся в Доссоре ФЗУ, сочетая работу с учебой, вскоре стал бурильщиком. А потом на промысел приехал директор Оренбургского рабфака для отбора учащихся в эту, как он выразился, «кузницу кадров передовой молодежи». И там Сафи отличился как самый упорный, тянущийся к знаниям слушатель. И его направили на продолжение учебы — в институт в Баку. Нельзя не сказать, что желания Сафи тогда раздваивались, ибо встретил он здесь самую прекрасную в мире девушку Шарипу, его сердце потянулось к ней — 15 летней красавице из Тургая... А тут такая долгая разлука. Но и зная как можно больше, чтобы вернуться домой человеком, владеющим секретами подземных богатств родной степи, тоже очень стремился. (Разлука стала настоящей проверкой чувств молодых людей, и они выдержали это испытание. Целых восемь лет ждали, пока жизненные перипетии позволят им воссоединиться. И всю жизнь, как говорится, до последнего часа, пока не ушла из жизни Шарипа, были они рядышком).

Упорно грыз наш земляк гранит науки, старался впитать всё услышанное на лекциях, почерпнутое из книг, чтобы потом все новое и интересное использовать на эмбинских промыслах. По окончании института из 220 выпускников Утебаев, единственный, попросился на Эмбу: не было тогда охотников ехать в столь трудные как в отношении климата, так и в плане производства края.

— Я — сын Эмбы, — с гордостью сказал он, — мне надо торопиться на Родину, поднимать добычу.

Да, его ждали на Эмбе. Здесь позарез нужны были молодые, энергичные, образованные. Тогдашний управляющий трестом Я.Лаврентьев направил его старшим инженером цеха бурения на промысел Макат, где он попал, что говорится, в свою стихию: здесь действовал девиз — рисковать, экспериментировать, чтобы двигаться вперед. Именно благодаря этому неустанному поиску промысел действительно двигался вперед, добивался отличных показателей. И вскоре директора промысла Сагиндыкова перевели в НПУ Кулсары, а на его место назначили Сафи. И так он сумел себя зарекомендовать, что буквально через несколько месяцев его назначили главным инженером треста «Эмбанефть». Его отговорки по поводу отсутствия опыта не принимали, говорили, это дело наживное. Зато у него глубокие знания, да еще есть энергия, напористость.

Сафи всегда отличали государственный подход и дальновидные решения. Он неоднократно избирался депутатом Верховных Советов КазССР и СССР, делегатом съездов КПСС и всегда пользовался возможностью решить какой-то важный глобальный вопрос. Именно по инициативе Утебаева в 1938 году было принято решение о создании в г.Атырау первого в республике нефтеперерабатывающего завода.

В начале войны С.Утебаев хотел добровольцем уйти на фронт, но стране нужна была нефть, и руководство нефтяной промышленности СССР направляет его в Кулсары — возглавить нефтепромысел. Казахские нефтяники мобилизовали все свои ресурсы, являя рабочие места вторым фронтом. К началу 1942 года, несмотря на нехватку специалистов, техники, запчастей, промысел давал треть эмбинской нефти, так нужной фронту. Самоотверженный труд эмбинских нефтяников, которые работали дено и ночью, без отдыха, перевыполняли план и делали рекордную выработку был отмечен высокими правительственными наградами, среди них — Сафи Утебаев. В марте 1942 года его грудь украсил «Знак Почета».

А уже после войны, будучи секретарем Жилокосинского райкома, Утебаев старался всячески способствовать результативному труду геологоразведчиков, буровиков. В те годы



были открыты и вводились месторождения Каратон, Мунайлы, Тулюс, Терень-Узюк. Много технических и бытовых проблем приходилось решать по несколько раз в день.

А потом он несколько лет руководил всеми нефтяниками области, шесть лет был начальником объединения «Казахстаннефть».

Позже Сафи Утебаев возглавил Западно-Казахстанский совнархоз, который свою деятельность осуществлял в четырех областях, и на всей этой территории стала ощущаться большая скоординированность работы: развивались предприятия, строились объекты социально-бытового назначения, пролегли в степи нефтепроводы, железная дорога, морской порт Актау.

И потом, когда «перебросили» его на передний край борьбы уже за мангышлакскую нефть, он уже имел большой опыт по налаживанию межведомственных, межрегиональных связей, что ему весьма пригодились. Подсчитанные запасы Мангышлака намного превосходили бакинские. Только качай. 11 июля 1965 года был отгружен на переработку на Гурьевском нефтеперерабатывающем заводе первый эшелон мангышлакской нефти по построенной поистине небывалыми темпами, в столь сложных условиях транспортными строителями УС-99 железной дороге Узень-Гурьев. Росли новые города. Стройки. Разведка. Бурение. Добыча. Люди. Много людей, которых надо устроить, накормить, обеспечить спецодеждой, водой. Во все это пришлось вникать и все решать. И сколько здесь внедрено новшеств, осуществлено рацпредложений.

4 сентября 2009 года в честь 110-летия казахстанской нефти в городе Кулсары состоялось торжественное открытие памятника основоположнику нефтяной отрасли Казахстана С.У.Утебаеву. Да, для этой памяти нет и не должно быть срока давности. Звезде Сафи сиять всегда... **Е**

Любовь МОНАСТЫРСКАЯ.
(Газета «Прикаспийская коммуна»)




Жазушы З.Ахметова
мұнайшылармен кездесті



Қоғаммен байланыс қызметінің ұйымдастыруымен «Ішкі коммуникация - тиімді байланыс» форумы өтті.



«Дуалдық оқыту» бағдарламасы бойынша студенттер дипломмен қоса еңбек кітапшаларына да ие болды.



«Ашық есік күні» ембілік ардагерлерге құрмет көрсетілді



«Үздік маман-2019» сайысының іріктеу кезеңі өз мәресіне жетті.



Журналистердің кәсіби мерекесіне орай кездесуде



Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК еншілес және тәуелді ұйымдары арасында спартакиааның іріктеу кезеңі өтті.

Суреттер арқылы қаншама жаңалықты үнсіз жеткізуге болады. «Суреттер сөйлейді» айдарын назарларыңызға ұсына отырып, Компанияда өткен шаралар туралы толыққанды ақпарат беруге тырыстық.

Ұжымдарыңызда өткен жақсы шаралар туралы сыр шертетін суреттерді редакция ұжымына (төменде келтірілген электронды пошталарға) жолдауларыңызға болады. **Е**

Хабарландыру

Назар аударыңыз! / Внимание! Объявление!

Құрметті әріптестер!

Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбековтің бастамасымен Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай 24 тамыз күні Компания қызметкерлерінің қатысуымен Атырау қаласында велошеру өтетіндігін хабарлаймыз.

Велошеруге қатысуға ниет білдірсеңіздер, 19.07.2019 ж. дейін алдын-ала тіркелуіңіз (A.Ertleuova@emg.kmger.kz электронды поштасына) керек екендігін қаперіңізге беремін.

Уважаемые коллеги!

По инициативе председателя Правления АО «Эмбамунайгаз» Жаксыбекова Ануара Еркиновича 24 августа 2019 г. в г.Атырау организуется велопробег с участием сотрудников Компании, приуроченный к 120 летию Казахстана нефти.

Заявки на участие в велопробеге следует направить на электронный адрес A.Ertleuova@emg.kmger.kz в срок до 19.07.2019 г.

Құрметті әріптестер!

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай 23 тамыз күні «Эмбімұнайгаз» АҚ-ның мұнайгаз өндірістік басқармалары арасында алғаш рет қазақ күресінен "Мұнайшы барысы" түйе балуандар арасындағы чемпионат өтеді. Абсолют салмақта (90 келіден жоғары) қатысуға ниет білдірсеңіздер 5.08.2019 ж. дейін дәрігерден денсаулығына орай тексерістен өткен рұқсат қағазымен бірге аты-жөндерін толық жазып алдын-ала тіркелуіңіз (A.Khamenova@emg.kmger.kz электронды поштасына) керек екендігін қаперлеріңізге беремін.

Қатысушылар үшін орын шектеулі және балуандар салмағы шара алдында тағы бір мәрте тексерілетінін де ескертеміз.

Уважаемые коллеги!

23 августа 2019 г. АО «Эмбамунайгаз» впервые в своей истории организует чемпионат по казахской борьбе «Мұнайшы барысы» среди сотрудников Компании. Соревнования будут проходить среди участников в абсолютной весовой категории (от 90 кг). Заявки на участие с полным указанием ФИО, вместе со справками от медицинских работников о допуске к соревнованиям следует направить на электронный адрес A.Khamenova@emg.kmger.kz в срок до 05.08.2019 г.

Дополнительно информируем, что количество участников в чемпионате ограничено. А также, что перед проведением чемпионата состоится церемония контрольного взвешивания.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Эмбімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Эмбімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Эмбімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Эмбімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі